**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің құстар сальмонеллезін бақылау, оның профилактикасы мен оған қарсы күрес жөніндегі ұлттық бағдарламалары мен ветеринариялық-санитариялық қағидаларын халықаралық актілермен үндестіру туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 12 мамырдағы № 10 ұсынымы.

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 95-бабы 7-тармағының 6 және 10-тармақшаларына сәйкес,

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің құстар сальмонеллезін бақылау, оның профилактикасы мен оған қарсы күрес жөніндегі ұлттық бағдарламалары мен ветеринариялық-санитариялық қағидаларын халықаралық актілермен үйлестіру осы мемлекеттердің агроөнеркәсіптік кешені саласындағы экспорттық әлеуетін дамытуға оң ықпалын тигізеді деп болжай отырып,**

Осы Ұсыным ресми жарияланған күннен бастап:

1. Армения Республикасына **құстардың сальмонеллезін бақылау, профилактикасы және оған қарсы күрес жөнінде ұлттық бағдарлама қабылдауға;**

2. Ресей Федерациясына **құстар сальмонеллезі бойынша құс өсіру шаруашылығының игілігін қамтамасыз ететін ұлттық бағдарлама қабылдауға**;

3. **Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге қосымшаға сәйкес тізбе бойынша құстар сальмонеллезін бақылау, оның профилактикасы мен оған қарсы күрес жөніндегі ұлттық бағдарламалары мен ветеринариялық-санитариялық қағидаларын халықаралық актілермен үндестіруге ұсыным жасайды**.

*Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Төрағасы* — *В. Христенко*

Еуразиялық экономикалық
комиссии Алқасының
2015 жылғы от 19 мамырдағы
№ 10 ұсынымына
ҚОСЫМША

**Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерге құстар сальмонеллезін бақылау, оның профилактиксы мен оған қарсы күрес жөніндегі ұлттық бағдарламалары мен ветеринариялық-санитариялық қағидаларын үндестіруге ұсыным жасалатын халықаралық актілердің ТІЗБЕСІ**

| | Үйлестіру саласы | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| Халықаралық актінің атауы | Армения Республикасы | Беларусь Республикасы | Қазақстан Республикасы | Ресей Федерациясы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1.Халықаралық эпизоотикалық бюросының Құрлықтағы жануарлар денсаулығы кодексі | құс өсіру шаруашылығын орналастыру және конструкциясы құс өсіру шаруашылығының жұмыс істеуі (6.4.5-баптың 1-тармағы "а") тармақшасы және 2-тармағы "а") тармақшасы) ауру профилактикасы (6.4.7-бап) | құс өсіру шаруашылығының жұмыс істеуі (6.4.5-баптың 1-тармағы "а") тармақшасы және 2-тармағы "а") тармақшасы) ауру профилактикасы (6.4.7-бап) | құс өсіру шаруашылығын орналастыру және конструкциясы (6,4,7-бап) құс өсіру шаруашылығының жұмыс істеуі (6.4.5-баптың 1-тармағы "а") тармақшасы және 2-тармағы "а") тармақшасы) ауру профилактикасы (6.4.7-бап) | ауру профилактикасы (6.4.7-бап) |
| 2. Еуропалық Парламент пен Кеңестің 2003 жылғы 17 қарашадағы сальмонелді және басқа тағамдық зоожұқтырушы агенттер жөніндегі № 2160/2003 Регламенті (ЕО) № 2160/2003 | ұлттық бақылау бағдарламаларының құрылымы (II қосымшаның 1.1 - 1.4, 1.6, 1.9, 1.10, 2.1 -2.3, 2.5 - 2.7-тармақтары) | ұлттық бақылау бағдарламаларының құрылымы (II қосымшаның 1.1, 1.2, 1.10, 2.1 - 2.3-тармақтары) | ұлттық бақылау бағдарламаларының құрылымы (II қосымшаның 1.1, 1.2, 1.6, 1.10, 2.1-23, 2.5-2.7-тармақтары) | ұлттық бақылау бағдарламаларының құрылымы (II қосымшаның 1.2 - 1.4, 1.9, 1.10, 2.1, 2.2 , 2.5 және 2.7-тармақтары) |
| 3. Жұмыртқалар мен жұмыртқа өнімдері гигиениялық кодексі (CAC/RCP 15-1976)<br>4. Үй құстарындағы сальмонелді бақылаудың ұлттық бағдарламалары шеңберінде бақылаудың ерекше әдістерін қолдануға қойылатын талаптарға қатысты Еуропалық Парламент пен Кеңестің 2003 жылғы 17 қарашадағы № 2160 /2003 Регламентін (ЕС) қолдану бойынша Еуропалық Парламент пен | жұмыртқа өндіру кезіндегі гигиена (3.3-тармақ) бактерияға қарсы препараттарды қолдану тәртібі (2-бап) вакцина қолдану шарттары (3-бап) | жұмыртқа өндіру кезіндегі гигиена (3.3-тармақ) | жұмыртқа өндіру кезіндегі гигиена (3.3-тармақ) бактерияға қарсы препараттарды қолдану тәртібі (2-бап) вакцина қолдану шарттары (3-бап) | жұмыртқа өндіру кезіндегі гигиена (3.3-тармақ) бактерияға қарсы препараттарды қолдану тәртібі (2-бап) вакцина |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Кеңестің 2006 жылғы 1 тамыздағы № 1177/2006 Регламенті (ЕС) | | | | қолдану шарттары (3-бап) |
| 5. Gallus gallus асыл тұқымды табындағы сальмонелдің белгілі бір серотипінің таралуын төмендету бойынша негізгі мақсаттарға қатысты Европалық Парламент пен Кеңестің 2005 жылғы 30 шілдедегі № 1003/2005 Регламенті | асыл тұқымды аналық табындардағы сальмонелді табу мен бақылауға арналған тестілеу схемасы (қосымша) | | асыл тұқымды аналық табындардағы сальмонелді табу мен бақылауға арналған тестілеу схемасы (қосымша) | асыл тұқымды аналық табындардағы сальмонелді табу мен бақылауға арналған тестілеу схемасы (қосымша) |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК